Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.II, Ч.II. Б.115-123

КӨШПЕНДІ ӨРКЕНИЕТТІҢ МӘЙЕГІ– КИІЗ ҮЙ СӘУЛЕТШІЛІГІ

Қабланова А., Алдашев Д., 1 курс студенттері
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Киіз үй көшпелі өркениеттің адамзат өркениетіне қосқан баға жетпес құрылыс үлгісі. Түркі текті халықтардың өскен, өркендеген АЛТЫН ҰЯСЫ. Киіз үй тарихта ТҮРКІ текті халықтардың бәріне ортақ баспана болғанымен, замана көшінде қаншама халық бабаларының осы құтты ұясын пайдалану мүмкіндігінен айырылып қалды.

Қазіргі кезде қазақ, қырғыз, моңғол қатарлысан аулы халықтар киізүйді тұрмыстық қажетіне жаратып отыр. Қазақ киіз үйі -киіз үйлердің айырықша дамыған бір түрі.

Киіз үйдің пайда болу тарихы тым арыда жатыр. Жартас бейнелі суреттерінің зерттелу дерегі бойынша алғашқы киіз үй бейнелейтін суреттер елумың жыл бұрын салынғаныбелгілі болды.

Қытайдың солтүстігіндегі оңтүстік Моңғол сахарасынан байқалған көлемі ерекше үлкен жартассуреттеріндебейнеленген ішінен алты үшбұрыш формалы бөлінген шеңбербейнелер айналасындағы жүрген адам, жүгірген аң, өрістегі мал арасына тігілген киіз үйді бейнелеп тұр.

Сурет 1-2 - Оңтүстік Моңғол сахарасынан байқалған жартас суреттер

Осы шоғыры жартас суреттерін Чикаго университетінің атақты профессоры Ле Анатизерттей келе елу мың жылдық тарихы бар Азиялық КӨШПЕНДІ ӨРКЕНИЕТТІҢ бірегей қолтаңбасы екенін танып таң қалған еді.

Жартас суреттері көшпелі өркениеттің біршама жақын уақытқа тән - тайпалық дәуіркиіз үй формалы баспананы да баяндайды.

Сурет 3 - Мандыра тауынан байқалған таңбалы тас

Жоғарғы фото суреттегі тас таңбаның тарихы бізден 6 мың жыл бұрынғы жағдайаттандерек сөйлеп тұр.

Киіз үйдің қолданысқа толық пайдаланған уақыты қола дәуірінен басталады. (б.з.б. 3-мың жылдық). Киіз үй біздің заманымыздан бұрынғы VII-ғасырда кеңінен пайдалнып, киіз басу белгілі бір техиникалық өнерге айналды. Киіз үйдің сол кезден бастап кеңтаралғанын сол замандағы Алтай таулары, Сібірдегі Қызылжартас, Қырымдағы суреттер-ден айқын байқауға болады.Сонымен, Көшпенді Өркениеттің бірегей құрлысы - сәулет үлгісі киіз үй ғасырлар қойынынан бабалар парасатын өз бойына сіңіре дамыған.Біз көріпжүрген жер сілкінісі, қарлы боран, ақ жауын, нөсер, найзағай қатарлы табиғи апаттық құбылыстарға қарсылық қуатының күштілігімен ерекшеленіп, ауа алмасу, жылу сақтау, көші қонға қолайлылық, қоршаған ортаға зиянсыз сипатында болумен бірге, ішкі сыртқыэстетикалық көркемдік ерекшелігі шаңырақтың күнге, уықтық күннен шашыраған нұрға, керегенің бәрін тосып ішіне сіміріп тұрған ЫРЫС ҰЯСЫ на символданған тамаша бір философиялық ойлардың туындысы да болатынына таңғала отырып бас иеміз.

Киіз үй жасалу пайдалану ерекшелігіне қарай Қазақ киіз үй, Қалмақ киіз үй болып бөлінеді. Қазақ киіз үйдің уығында доғаша иілген УЫҚТЫҢ ҚАРНЫ болады.Қалмақ киіз үйдің уығында қарын жоқ түзу болады.

Киіз үйдің сыртқы формасы үсті күмбез, асты цилиндр формалы геометриялық кесінділер ретінде ерекшеленіп тұрады.

Сурет 4 - Киізүйдің геометриялық формалары

Шаңырақ, уық, кереге, сықырлауық (есік) қатарлы ағаштан жасалған бөлігі киіз үйдің сүйегі делінеді.Керегенің сыртынан шымши ұсталып, кереге басын басқұрмен орай тартып сыртына туырлық жабадыда оның сыртынан үзік жабылады. Төрт туырлық пен қос үзік киіз үйдің сыртын қаптап тұрады. Сықырлауықтың үстінгі жағынан уық тұратын биіктіктен сықырлауықтың сыртына дейін киіз есік жабылып, киіз үйдің барлық тұлғасықалыптасады.

Туырлық, үзік, киізесіктің бәріне әсем қазақ өрнектері салынған терме баулар олар ды киіз үй сүйегіне матай байласа, кереге сыртынан туырлық етегін екі жерден белдеу арқанмен мықтап буып, сіресе жымдасқан бүтін бір құрлыс - сәулеткерлік құрылым пайда болады.

Сурет 5 - Қаңға

Киіз үй керегенің көктеу ерекшелігіне қарай; ЖЕЛ КӨЗ, ТОР КӨЗ деп екіге бөлінеді.ЖЕЛ КӨЗ керегелі киіз үйдің кереге, уығы боз талға ұқсас жеңіл, берік ағаштардан құрастырылып, кереге көктерінің арасы үлкен адамның қарысымен толық бір қарыстан тесіледі. Жазғанда қанаты кеңге жайылып екі құлашқа (3м) дейінжазылады.(алты қанат киіз үйдің айналымы 19м деген сөз). Желкөз киіз үй түйеге артуға ыңғайлы таулы аймақта мекендеген адамдар көп қолданады. Тор көз киіз үйдің керегелері сом салмақты ағаштан құрастырылып көктерінің арасы бірсүйем болып, керегенің ең жайылымы сыңар құлаш болып(1.5м) келеді. Үйді тіккенде көзге көркем, жинақы көрінеді. Жазық өңірлерде арба- мен көшетін мүмкіндігі бар адамдар көп пайдаланады.

Қаңғаға тігугед е киіз үйдің осы түрі таңдалады.

Сурет 6 - Киіз үйдің сыртқы құрылымының атаулары

Киіз үйдің сыртын түндік, үзік, туырлық, киіз есік қаптап тұрады.

Киіз үйдің сүйек қаңқасы: Шаңырақ -- (киіз үй күмбезінің ең үстіндегі шеңбер формадағы ағашқа шек формалы айқаспа күлдіреуіштермен құрлымданған бөлек) Уық, кереге, сықырлауықтан құралады.



Сурет 7 - Шаңырақтың құрылымдық атаулары.

Шаңырақтың құрылымының атаулары: тұғын, күлдіреуіш,бақалық,

желбау.

Сурет 8 - Уықтың құрылымдық атаулары

Уық - қаламша, қар, иін, уық бау дан құрылым қалыптастырад



Сурет 9 - Керегенің құрылымдық атаулары

Кереге- 1-желі, 2-қанат, 3-ерсі, 4-балашық,5-сағанақ, 6-көк,7-керегенің басы қатарлы құрылымнан қалыптасады.



Сурет - 10. Сықырлауықтың құрылымдық атаулары

Сықырлауық - маңдайша, табалдырық, таяныш, жарма есіктен құрылым қалыптастырады.

Киіз үйдің керегелері бір бірімен мықтап ұстап байланып тұратын,есілген жіптен ызылған баулар - таңғыш құр деп аталады.

Керегенің басын айнала тартып байланған жалпақ өрнекті баулар -терме бау деп ата- лады. Терме баулар сонымен бірге туырлық, үзіктердіңде тарытпа бауларына пайдалы- нады. Киіз үйдің құрылымдарын матастырып тұратын бөліктер -құр, бау, арқан деп ата- лады да. Бау ішінен -шалма (иықбау), түндік бау, туырлық бау, үзік бау, желбау, балақбау болып бөлінеді.Ал арқан -желбау,белдеу болып бөлінеді.

Сурет 11 - Киіз үйдің ішінен төрден көрінетін терме баулардың айшықты көрінісі

Термебаула райқаса байланып үйдің төріне керемет әсем көз арбайтын айшықтар қалыптастырады

Киіз үйдің ішкі жабдықтардың-текемет, тұскиіз, сырмақ, кілем, алаша, көрпе, жастық,шымылдық, бөстек, тайтері, тулақ төсекағаш, жүкаяқ, кебеже, сандық, жағылан, асадал,бесік, абдыра, шарайна, құстұғыр.

Киіз үй тұрмыста қолданымына қарай- Орда, алтын орда, алтынүзік, ақшаңқан,ақорда, ақалаорда, ақ үй, боз үй (қоңыр үй), отау, қарашаүй, жолым үй, Абылайхан, жаппа, күрек(қос), ақтағыр, қарақұрым үй, ұраңқай қатарлы түрлерге бөлінеді.

Шеберлердің айтуынша, киіз үйдің дөңгеленіп тігілуі тегін емес. Оның бойында ғаламшармен, галактикамен байланысып жатқан математикалық физикалық заңдылықтар сақталған.

Кереге, шаңырақтың жасалу өлшемі өте күрделі, қатаң да дәл математикалық есепке негізделген. Тіпті, астрономиямен, планеталар арасында өлшеммен астасып жатыр. Жердің жалғыз ғана серігі – Ай. Жердің орташа диаметрі – 12742 шақырым болса, Айдың орташа диаметрі – 3474 шақырым. Жер диаметрін ай диаметріне бөлсек, 3,66 саны шығар еді.12742÷3474=3.66

Жеті қанатты киіз үйдің кереге көздерінің шаршысын келтіріп құрар болсақ, табанының6,4 метр болады. Осындай табаны бар үй үстіне қандай өлшемді шаңырақ жарасар екен десек, 6,4 санын 3,66 санын бөліңіз. Екі санның бөліндісінен 1,8 метр шыққан болар еді. Тағы да бір қызықты таңғаларлық жайт, осы 3,66 саны төңірегінде...

Осы бір ғаламдық заңдылыққа бағынған киіз үй қаңқасы шаңырақтан бастап тік асты-на бағытталатын физикалық қысым күшті кереге басы арқылы сіміріп керегенің жермен қиылысқан нүктелеріне (ІРГЕГЕ)сәтті өткермелеуі бір таң қаларлың қисын3.66 заңына бағынбаған шебердің киіз үйі уықтың қарнынан түсен қысым күштің әсерінен керегенің басы шалқайып шаңырақ ортаға түсетіндей жағдайға баратын жәйі бар.

Қазіргі уақытта кез–келген құрылыс, үй–жай салғанда оның ***орнықтылығын*** есептеуең басты мәселе. Ал киіз үйдің орнықтылығы барынша ***жетілдірілген.*** Барлық тепе–теңдік шартына сәйкестілігі жоғары.Физикада дене орнықты болу үшін ауырлық центрінен жүргізілген тік сызық тіреу бетін қиып өтуі тиіс және ауырлық центрі неғұрлым төмен болған сайын дененің орнықтылығы арта түседі. Киіз үйдің орнықтылығы -біріншіден, киіз үйдің тіреу беті өте үлкен, екіншіден ауырлық центрінен жүргізілетін тік сызықты ұзындығы тіреу бетінің радиусынан әлдеқайда кіші болғандықтан киіз үй төбесі уықтар жоғарғы шеңбер формалы шаңыраққа шаншыла күмбезденіп тұрады. Киіз үй боран - шашынға төзімді, қозғалмайды, ***сырғымалы*** пішінді етіп жасалған, яғни ата – бабалар күмбездің ***аэродинамикалық қасиеті*** жоғары екенін жеттік



Сурет 12

Суреттің жоғары бөлігінде қазіргі астрономия саласында қолданылатын аспанның жылжымалы картасы бейнеленген.Ал суреттің төменгі бөлігінде жуық түрде шеңберлік өлшемі сәйкес келетін –киіз үй салынған. Енді сырт қарағанда бір-біріне ұқсастығы жоқекі денені сәйкестендіріп көрейік.

Киіз үйдің ортасында отырған адам «шаңырақ» арқылы наурыз және көкек айла- рында аспанның солтүстік жартышарында біздің жерімізге көрінетін ең басты жұлдыздармен шоқжұлдыздарды көре алады..

А)Солтүстік нүктеде –Темірқазық,Жетіқарақшы,және Айдаһар. Ә)Шығыс нүктеде- Егіздер,Орион,Персей,Возничий,Торпақ және Үркер. Б)Батыс нүктеде –Бүркіт,Лира,Аққу,Геркулес,Волопас

В)Сотүстік нүктенің төменгі жағы-Кассиопея,Пегас,Тоқты,Балықтар,Суқұйғыш, Ешкімүіз,Кит шоқжұлдыздары.

Жыл маусымдарымен бірге айлар да орын ауыстырған сайын бізге көрінетін шоқжұлдыздардың орны да өзгеріп отырады. Мұның себебін жұлдыздардың тұрақты ор-нын сақтамайтындығынан емес, керісінше, Күн мен Күнді айналған Жер мен Айдың осы шоқжұлдыздар арасында қозғалып жүретіндігінен деп түсінуіміз керек.

Уық қарыны кереге басына байланып, уық қаламшалары шаңыраққа шаншылған уықтар киіз үйдің ішінде отырып көрінетін аспан жарты шарын градустарға бөлініп қарастыруға қолайлы. Аспан жарты шары 360 градус деп белгілеп, оны шаншылған уықсанына бөлсе, екі уықтың арасындағы градус мөлшерін білуге болады. Осы мөлшер арқылы түнде- түнгі уақытты, күндіз-күндізгі уақытты, сондай –ақ Айдың өзгермелі фа- заларын ажыратуға мүмкіндік береді.

Басылған киіздің жартылай өткізгіштік қасиеті болғандықтан киіз үйдің ішіне найзағай түспейді. Киіздің негізгі деталы түбіт талшықтарымен қылдардың өзек қуысында ауа сақталатындықтан жылу өткізбейді. Сондықтан кійгіз үйдің іші ыстық темпратурада салқын, суық темпратурада жылы болады.

Киіз үй шаңырағы төңкерілген жарты шар пішіндес болғандықтан аспан күмбезімен паралел доғаша қалыптастырып күндіздің қай мезгілінде де жарықты ішіне жеткілікті бере алады.

Киіз үйге қой мен түйе жүні, жылқы мен ешкінің қылы жабындық заттарға, бау шуларға пайдаланылса, сүйектік құрлымы қайың, тал, қарағай, самырсын, шырша қатарлы ағаштардан жасалады. Істелетін материалдары түгел табиғи заттар болғандықтан ішкі ауасы таза, адам денсаулығына өте жағымды әсер береді.

Тұтас киіз үйдің құрылымында ешқандай қара метал пайдалынбайтындықтан магнит өрісінің кедергіленуі арқылы адам ағзасына кері әсер бермеуінен болса керек. Киіз үйге қонып шыққан адамның түлежіп сергіп шыға келетіні.

Бабаларымыз киізді басқанда әуелі сабалып, құрғап бабына кеп тұрған қойжүнін, киіз басуға арналған шиге алдымен жұқа тегіс жаймалап, сабаумен жеңіл шабақтап алғансоң үстіне екінші қабаттық дайын жүнді қолмен тартып, киіздің екі қабаттан тұратын құрылысын жасаған. Киіздің бұл ерекшелігі ; киіз үйдің физикалық ерекшелігіне сәйкесіп үй ішіне тамшы мен жауын суының ағып кетіуінің алдын алады.сондықтан айлап жауған жауын киіздің ішкі жағына өтіп кетпейді.

ХХІ ғасырда киіз үйдің толысып кемелденген түрлері Қазақы киіз үй негізінде дамы-ды. Көшпелі өркениеттің қарашаңырағы - ҚАЗАҚ ДАЛАСЫ киіз үй мәдениетінің алтын бесігі.

Сурет 13 - Киіз үй қаңқасына шымшидың ұсталған сәті

Ұшқыр жылдамдықта дамып бара жатқан жер шары экономикасының маңызды құраушы бөлегі -туризм саласында киіз үйдің этно туризм түрінде әлем туристтерінбаурау жасырын қуаты орасан!

Сурет 14-Киіз үйге туырлық ұстау

Көшпелі өркениеттің мәйегі киіз үй мәдениеті мемлекеттік деңгейде жетілдіруге, жебеуге мұқтаж! Оның бай эстетикалық тартымдылығы ұлттық туризмнің ашылмай тұрғанАлтын кені!

Сурет 15 -Туристік мақсатта тігіліп жатқан Киіз үйлер (Қытай)

Әдебиеттер тізімі

1 Өмірбекова М.Ш. Энциклопедия. Қазақтық ою-өрнектері. «Алматы кітап» 2003жыл

2 Интернет материалыhttps://kkne.ws/dYpMjj

3 Шоқпарұлы Д. Дәркембайұлы Д. Қазақтың қолданбалы өнері. «Алматы кітап»,2007 жыл